«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2020 жылғы 23 шілдедегі № 293

Алматы қаласы город Алматы

**«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша қолдау көрсету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 251 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, қаржылық жағдайды қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды іске асыру және банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларының алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша қолдау көрсету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 251 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау шараларын көрсету тәртібінде (бұдан әрі – Тәртіп):

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Тәртіп төтенше жағдай және (немесе) карантин кезеңінде қаржылық жағдайы нашарлаған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне (бұдан әрі – қарыз алушылар) бизнеске қолдау көрсету, қаржылық жағдайды қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды іске асыру және кәсіпкерлік мақсаттарға берілген банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларының алдын алу үшін қосымша қолдау шараларын көрсету мақсатында әзірленді.

2. Қолдау қарыз алушының еркін нысанда жасалған өтініші негізінде көрсетіледі.

Қарыз алушы қажетті құжаттармен қоса екінші деңгейдегі банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымға, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаға (бұдан әрі – кредиттік ұйым) электрондық пошта, «банк-клиент» онлайн-жүйесі, интернет-ресурс, мобильдік қосымша немесе басқа байланыс құралдары арқылы өтініш бере алады.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

№ 0002151

«6-1. Кредиттік ұйым «Қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 44 қаулысына сәйкес қызметі шектеулі карантин шараларын енгізу нәтижесінде шектелген, тыйым салынған, не тоқтатыла тұрған қарыз алушылардың, сондай-ақ осы тармақтың 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген қарыз алушылардың банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлемдерді қайта қаржыландыру не төлемдер мерзімін кейінге қалдыру туралы шешімді қарыз алушының қаржылық жағдайдың нашарлауын растайтын құжаттарды ұсынбай, қарыз алушының өтініші және жарғы немесе мынадай қызмет түрлерінің бірін жүзеге асыруды растайтын, қарыз алушының дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрғаны туралы мәліметтер негізінде қабылдайды:

1) қалааралық автобус тасымалдарының қызметі;

2) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелер, форумдар, конференциялар, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларын (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас беру) өткізу қызметі;

3) азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда, сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметі;

4) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютер клубтары, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, аттракциондар, балалардың ойын алаңдары, батуттар және басқалары), кинотеатрлардың қызметі;

5) барлық мәдениет объектілерінің (театрлар, концерт залдары, мұражайлар, көрмелер) қызметі;

6) балаларды сауықтыру лагерьлерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, балалардың түзету кабинеттерінің, білім беру орталықтарының, балаларды дамыту орталықтарының, үйірмелердің, балалар мен ересектерге арналған курстардың қызметі;

7) фудкорттар, банкет залдарының қызметі;

8) СПА-орталықтардың, жаттығу залдарының, фитнес-орталықтардың, спорттық-сауықтыру орталықтарының, бассейндердің, қоғамдық моншалардың, сауналардың, сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар мен салондардың қызметі, маникюр мен педикюр көрсетілетін қызметтері, қалалық, қоғамдық жағажайлардың, ашық аквапарктердің қызметтері;

9) жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларының қызметі;

10) 500 шаршы метрден артық азық-түлік емес дүкендердің қызметі;

11) тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету;

12) туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі.

Егер төлемдердің өзге кестесі банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартында көзделмесе, не қарыз алушының өтінішінде көрсетілмесе, төлемдерді кейінге қалдыру қарыз мерзімінің соңына дейін бұрын мерзімі кейінге қалдырылған төлемдерді бөлу не мерзімін кейінге қалдыру кезеңіне қарыз

мерзімін ұлғайту түрінде төлемдердің жаңа кестесін белгілеу жолымен ұсынылады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кредиттік ұйым қарыз алушының өтінішін өтінішті алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.»;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Осы Тәртіпте көрсетілген талаптармен банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлемдер мерзімін кейінге қалдыру қарыз алушының кредиттік тарихының нашарлауына және қарыз алушы туралы жағымсыз ақпаратты кредиттік бюроға беруге негіз болып табылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Кредиттік ұйым интернет-ресурстың бас бетінде және мобильдік қосымшасында (бар болса):

кредиттік ұйымның қарыз алушыларға Тәртіпте көрсетілген қолдау шараларын көрсету мүмкіндігі туралы ақпараттың;

қарыз алушылардың қосымша ақпаратты алуы үшін телефон нөмірлерінің болуын қамтамасыз етеді.».

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаларға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.

**Төраға** **М. Әбілқасымова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ
КЕҢСЕ

көшірмесі дұрыс
бас құжат жүргізушісі
Байнағамбетова М.Е.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

23 июля 2020 года № 293

Алматы қаласы город Алматы

**О внесении изменений и дополнений в приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 15 июня 2020 года № 251 «О дополнительных мерах поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства»**

В целях поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, реализации планов по восстановлению финансового состояния и предотвращения случаев возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита, **ПРИКАЗЫВАЮ**:

1. Внести в приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 15 июня 2020 года № 251 «О дополнительных мерах поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства» следующие изменения и дополнения:

в Порядке предоставления мер поддержки субъектам малого и среднего предпринимательства, утвержденном указанным приказом, (далее – Порядок):

пункты 1 и 2 изложить в следующей редакции:

«1. Настоящий Порядок разработан в целях предоставления субъектам малого и среднего предпринимательства (далее – заемщики), финансовое состояние которых ухудшилось в период чрезвычайного положения и (или) карантина, дополнительных мер поддержки для поддержания бизнеса, реализации планов по восстановлению финансового состояния и предотвращения случаев возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита, выданных на предпринимательские цели.

2. Поддержка предоставляется на основании заявления заемщика, составленного в произвольной форме.

Заемщик может подать заявление с приложением необходимых документов в банк второго уровня, организацию, осуществляющую отдельные виды банковских операций, организацию, осуществляющую микрофинансовую деятельность, в том числе юридическому лицу, ранее являвшемуся указанными организациями, (далее – кредитная организация) посредством электронной

№ 0002152

почты, онлайн-системы «банк-клиент», интернет-ресурса, мобильного приложения или других средств связи.»;

дополнить пунктом 6-1 следующего содержания:

«6-1. Решение о рефинансировании либо предоставлении отсрочки платежей по договорам банковского займа и (или) микрокредита заемщиков, деятельность которых была ограничена, запрещена, либо приостановлена в результате введения ограничительных карантинных мер в соответствии с постановлением Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 3 июля 2020 года № 44 «О введении строгих ограничительных карантинных мер», а также заемщиков, указанных в подпунктах 11) и 12) настоящего пункта, принимается кредитной организацией без предоставления заемщиком документов, подтверждающих ухудшение финансового состояния, на основании заявления заемщика и устава или сведений о том, что заемщик состоит на регистрационном учете в качестве индивидуального предпринимателя, подтверждающих осуществление одного из следующих видов деятельности:

1) деятельность по междугородним автобусным перевозкам;

2) деятельность по проведению зрелищных, спортивных мероприятий, выставок, форумов, конференций, а также семейных, памятных мероприятий (банкетов, свадеб, юбилеев, поминок);

3) деятельность торгово-развлекательных центров, торговых домов, торговых сетей, за исключением продуктовых супермаркетов и аптек;

4) деятельность развлекательных учреждений (караоке, бильярд, компьютерные клубы, ночные клубы, боулинг центры, аттракционов, детских игровых площадок, батутов и другие), кинотеатров;

5) деятельность всех объектов культуры (театры, концертные залы, музеи, выставки);

6) деятельность детских оздоровительных лагерей, детских дошкольных учреждений, детских кабинетов коррекции, образовательных центров, детских развивающих центров, кружков, курсов для детей и взрослых;

7) деятельность фудкортов, банкетных залов;

8) деятельность СПА-центров, тренажерных залов, фитнесцентров, спортивно-оздоровительных центров, бассейнов, общественных бань, саун, салонов красоты, парикмахерских, центров и салонов, оказывающих косметические и косметологические услуги, услуги маникюра и педикюра, городских и общественных пляжей, открытых аквапарков;

9) деятельность крытых продовольственных и непродовольственных рынков;

10) деятельность непродовольственных магазинов более 500 квадратных метров;

11) предоставление услуг по проживанию и питанию;

12) деятельность туристских агентств и операторов.

Отсрочка платежей предоставляется путем установления нового графика платежей в виде распределения ранее отсроченных платежей до конца срока займа либо увеличения срока займа на период отсрочки, если иной график платежей не предусмотрен договором банковского займа и (или) микрокредита, либо не указан в заявлении заемщика.»;

пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Кредитная организация рассматривает заявление заемщика не более 20 (двадцати) рабочих дней со дня получения заявления.»;

дополнить пунктом 7-1 следующего содержания:

«7-1. Предоставление отсрочки платежей по договорам банковского займа и (или) микрокредита на условиях, указанных в настоящем Порядке, не является основанием для ухудшения кредитной истории заемщика и предоставления негативной информации о заемщике в кредитные бюро.»;

дополнить пунктом 8 следующего содержания:

«8. Кредитная организация обеспечивает наличие на главной странице интернет-ресурса и в мобильном приложении (при наличии):

1) информации о возможности предоставления кредитной организацией мер поддержки заемщиков, указанных в Порядке;

2) номеров телефонов для получения заемщиками дополнительной информации.».

2. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

3. Департаменту методологии и регулирования финансовых организаций довести настоящий приказ до сведения заинтересованных подразделений Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, банков второго уровня, организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций, организаций, осуществляющих микрофинансовую деятельность, в том числе юридических лиц, ранее являвшихся указанными организациями.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка Абдрахманова Н.А.

**Председатель** **М. Абылкасымова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ
КЕҢСЕ

копия верна
главный документовед
Баймаганбетова М.Е.